



**ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

**ҚАУЛЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

№ 46-15

«17» желтоқсан 2020 жыл

Қарағанды қаласы

**Санитарлық бекеттерді  
алып тастау туралы**

Мен, Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Ю. Л. Залыгин Қазақстан Республикасында, оның ішінде Қарағанды облысында COVID-19 (бұдан әрі - КВИ) аурушандығы бойынша материалдарды қарастырып, облыспен шектесетін өңірлерде сырқаттанушылықтың төмендегенін ескере отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексінің 9,38, 104-баптарына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қарағанды облысында шектеу іс-шараларын күшейту туралы» Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 17 қазандағы № 39 – қ қаулысына (бұдан әрі-Қаулы) өзгерістер енгізу:

- 1) қаулының 40-тармағының 1-тармақшасы алып тасталсын;
- 2) қаулының 52-тармағының 1-тармақшасы алып тасталсын.

2. Қарағанды облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 2 қарашадағы № 41-к «Бұқар Жырау, Қарқаралы, Осакаров аудандарының аумақтарында орналасқан Қарағанды облысының сыртқы шекараларына кіруді/шығуды бақылау үшін санитарлық бекеттерді орнату туралы» қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы 2020 жылғы 18 желтоқсан сағат 00-00-ден бастап күшіне енеді.

Қарағанды облысының  
Бас мемлекеттік  
санитариялық дәрігері

Мөр орны



Ю.Л. Залыгин